

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қоғамдық денсаулық сақтаудың жаңа жағдайындағы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау» тақырыбында гигиена және эпидемиология пәндері бойынша Қазақстандық Олимпиадасын ұйымдастыру және өткізудің Ережесі**

## **I. Жалпы ережесі**

1.1 Бұл Ереже Қазақстан Республикасы медициналық жоғары оқу орындарының «Қоғамдық денсаулық сақтау» (бұрынғы «Медико-профилактикалық іс») мамандығының 4,5 курс студенттерінің арасында өтетін «Қоғамдық денсаулық сақтаудың жаңа жағдайындағы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау» тақырыбында гигиена және эпидемиология пәндері бойынша Қазақстандық Олимпиадасын ұйымдастыру мен өткізудің, әдістемелік қамтамасыз етудің, жеңімпаздарды анықтаудың ретін анықтайды.

1.2. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері:

- дайындығы жоғары және талантты студенттерді анықтау, қолдау көрсету;
- студенттердің ғылыми жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, ғылыми жұмыстармен айналысуды жоғарылату;
- ағарту жұмыстарды, ғылыми нәтижелерді насихаттау;
- академиялық және кәсіби ортадағы серіктестікті дамыту.

1.3. Олимпиада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҚДСЖМ- медицина факультеті, эпидемиология және гигиена кафедрасында өтеді.

1.4. Олимпиада келесі пәндер бойынша жүргізіледі: коммуналдық гигиена, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, еңбек гигиенасы, тағам гигиенасы, эпидемиология. Олимпиада тапсырмалары кешенді сипатта және 3 кезеңнен тұрады.

1.5. Олимпиада тапсырмалары Қазақстан Республикасы медициналық жоғарғы оқу орындарының «қоғамдық денсаулық сақтау» (бұрынғы «медико-профилактикалық іс») мамандығы бойынша оқу бағдарламасы негізінде құрастырылады.

1.6. Олимпиаданың ресми сайты: <http://www.kaznu.kz/kz/19026/page/>, <http://www.kaznu.kz/ru/19026/page/>

## **2. Олимпиаданың ұйымдастыру-әдістемелік қамтылуы**

2.1. Олимпиаданы өткізу үшін Олимпиаданы Ұйымдастыру комитеті мен жюри тағайындалады.

2.2. Олимпиаданы ұйымдастыру-әдістемелік қамту Ұйымдастыру комитетімен жүргізіледі. Ұйымдастыру комитетінің төрайымы эпидемиология және гигиена кафедрасының меңгерушісі, проф. Табаева А.А., координатор – доцент м.а., м.ғ.к. Арынова Г.А.

Ұйымдастыру комитеті:

- олимпиаданы өткізу уақыты мен реті туралы кафедра ұсыныстарын қарастырады;
- кәсіби тапсырмалардың тізімі мен мазмұнын анықтайды;
- олимпиада сатыларының жүргізу форматын анықтайды;

- келесі сатыға өтудің шектік деңгейін және олимпиада тапсырмаларын орындаудың шектік уақытын анықтайды;

- жюри құрамын дайындайды;
- олимпиада жеңімпаздарын анықтау үшін бағалау критерийін дайындайды;
- олимпиада нәтижесін бекітеді;
- олимпиаданы жүргізуге байланысты күнделікті сұрақтарды шешеді.

2.3. Жюри құрамы медицина факультетінің деканымен бекітіледі.

2.4. Жюри:

- олимпиада жұмыстарын тексереді;
- жұмыс нәтижелері бойынша талқылайды;
- олимпиадаға қатысушыларды марапаттау бойынша шешім шығарады;
- олимпиада өткеннен кейін 5 күннің ішінде нәтиже хаттамасын дайындайды.

### **3. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу реті**

3.1. Олимпиадаға Қазақстан Республикасы медициналық жоғарғы оқу орындарының «қоғамдық денсаулық сақтау» (бұрынғы «медико-профилактикалық іс») мамандығы бойынша бітіруші курс студенттері өз еріктерімен қатысады.

3.2. Олимпиадаға <http://www.kaznu.kz/kz/19026/page/>, <http://www.kaznu.kz/ru/19026/page/> сайтында тіркелген студенттер қатыса алады.

3.3. Олимпиада 3 кезеңде өтеді:

#### **1 кезең - онлайн-тест.**

Өткізу уақыты: 03.03.2018 ж., уақыты 11.00-ден 14.00-ге дейін.

1-кезеңге қатысу үшін <http://www.kaznu.kz/kz/19026/page/>, <http://www.kaznu.kz/ru/19026/page/> сайтында арнайы тіркелу қажет. Тест тапсыру үшін тіркелген қатысушы 11.00-ден 14.00-ге дейінгі аралықта тапсыра алады. Тест тапсырмасын орындауға 60 минут уақыт бөлінеді. Әрбір қатысушыға олимпиада пәндері бойынша 50 сұрақ бойынша тест тапсырмалары беріледі. Әрбір дұрыс жауап 2 балмен бағаланады. Әрбір қатысушы тек бір-ақ рет тест тапсыра алады.

2-кезеңге өту үшін минималды балл 80 (максималды – 100 б.).

#### **2 кезең – бизнес-кейс шешу (on-line режимінде).**

Өткізу мерзімі: 10.03.2018 ж., өткізу уақыты 9.00-ден 19.00-ге дейін.

1-кезеңнен 80 балл және одан жоғары алған қатысушыға тіркеу кезінде көрсетілген электрондық поштаға жеке тапсырмалар жіберіледі. Әрбір қатысушыға олимпиада пәндері бойынша 5 бизнес-кейс тапсырмалары беріледі. Қатысушы тапсырманың көшірмесін жеке файлға түсіріп, сол жерде әрбір кейс бойынша тегізделген шешімін жазады. Тапсырманы орындағаннан кейін, файлды кафедраның электрондық поштасына, [erhykaf@gmail.com](mailto:erhykaf@gmail.com). жібереді. 10.03.2018 ж. 19.00.-ден кейін жіберілген жұмыстар қарастырылмайды. Әрбір орындалған тапсырма 20 балмен бағаланады.

3-кезеңге өтудің минималды балы – 80 (максималды балл 100).

2-кезеңнен өткен қатысушы 3-кезеңге өтеді, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не шақырылады (Алматы қаласы).

**3 кезең** – студенттер мен жас ғалымдар арасында өтетін «Фараби Әлемі» V халықаралық ғылыми конференцияда медициналық секциясында **ғылыми баяндама жасау**.

Өткізу мерзімі: 11.04.2018 ж., өткізу уақыты – 9.00-12.00.

2-кезеңнен өткен қытысушылар кафедраның электрондық поштасына, erhykaf@gmail.com, эпидемиология және гигиена саласы бойынша өзіндік ғылыми жұмыстары бойынша мақала немесе тезис жібереді.

Жұмысты қабылдау – 2018 жылдың 1 сәуіріне дейін.

Конференцияға баяндамашыларды таңдауды олимпиада жюрилері мәселенің маңыздылығына және мақаланың дұрыс ережеге сай жазылуына сараптама жүргізілгеннен кейін барып, анықталады. («Ғылыми жұмыстарды жариялау тәртібі» алдын-ала олимпиада сайтында беріледі). Жюри шешімі туралы мәлімет қатысушыға 2018 жылдың 4-сәуіріне дейін жіберіледі.

3-кезеңнің және олимпиаданың жеңімпаздары конференция қорытындысы бойынша жюри шешімі бойынша анықталады.

#### **4. Олимпиаданың жеңімпаздары мен белсенді қатысушыларын марапаттау**

4.1. 3-ші кезеңнің қатысушыларына ҚазҰУ жатақханасынан орын тегін беріледі. Қатысушыларға Олимпиадаға қатысқандығы жөнінде сертификаты, студенттер мен жас ғалымдар арасында өтетін «Фараби әлемі» ғылыми конференциясының сертификаты мен Шебер-кластарға қатысқандығы жөніндегі сертификаттар беріледі.

4.2. «Тұрғындар денсаулығының қоршаған орта факторларымен себеп-салдарлық байланысы» және «Эпидемиологиядағы картография және статистика әдістері» тақырыбындағы шебер-кластар тегін өткізілетін болады.

4.3. Редакциялық коллегиядан өткен 3-кезең қатысушылары мақалаларын (тезис) студенттер мен жас ғалымдар арасында өтетін «Фараби әлемі» ғылыми конференциясының материалдыр жинағына тегін жариялай алады.

4.4. Олимпиада жеңімпаздары I,II,III дәрежедегі Дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

4.5.Қатысушыларға 11 сәуір 2018 ж Қазақстан Республикасы Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы мен «Медеу» мұз айдынына саяхат жасау ұйымдастырылады.